

Nurly ÓLKE

QOĖAMDYQ- SAYASI GAZET

ОБЩЕСТВЕННО - ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

№ 29 (697) 21.7. 2022

E-mail: nurliolke@mail.ru

nurl yolke.kz

САЙЛАУ

АУЫЛ ӘКІМІН ТҰРҒЫНДАР ӨЗДЕРІ ТАҢДАЙДЫ

БИЫЛ ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНА ҚАРАСТЫ ШЕҢГЕЛДІ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ
ӘКІМІН САЙЛАУ 24 ШІЛДЕГЕ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ. ОСЫ САЙЛАУДА ТҰРҒЫН-
ДАР ТҰҢҒЫШ РЕТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІН ТІКЕЛЕЙ ДАУЫС БЕРУ АРҚЫЛЫ
САЙЛАУҒА МҮМКІНДІК АЛЫП ОТЫР.



ларының орындалуына) жағдай жасауға ықпал ететіндігін тілге тиек етті.

-Қазіргі таңда ауыл әкімдері өзі жауапты өңірді дамытып, кем-кетігін жөндеудің орнына, аудан мен ауыл тұрғындары арасындағы байланысшы ғана іспетті,-деп, ортаға сауал тастай сөйлеген ауыл тұрғынына Мадияр Дүйсенбекұлы:

- Егер мен ауыл әкімі болып сайлана қалсам, ауыл әкімі жанынан нақты жұмыс істейтін қоғамдық кеңес құрып, ауылдардағы тұрғындардың ішінен комиссия жасақтау арқылы ауылдастарыммен тізе қоса әрекет етуге барымды салып, жергілікті кәсіпкерлерді, шаруа қожалықтарының төрағаларын, ауыл белсенділерін қасыма топтастырып, ауыл мәселесін көп болып шешуге ұмтыламын,-деген жауап берді.

Сағат 12-ден кейін Мақсат Жазиев өз кездесуін жалғастырды. Ол өз сөзінде Шеңгелді аумағында тұратын халықтың өзекті деген мәселелерін айта келіп, суғармалы су көлеміне төленетін тарифтік көрсеткіштерді субсидиялау мөлшерін жеңілдікті қалдыруға ықпал жасайтындығын, мал жайылымы туралы мәселелерді көтеріп, жер телімдерін қоғамдық мал үшін көбейтуге, іздестіруге ат салысатындығына басқа да күн



лаушылар назарына жеткізу жағына келгенде ерекшеліктерін ескеруге тура келеді. Тағайындалған немесе мәслихат депутаттары сайлаған әкімдерге қарағанда, өздері сайлап алатын әкім ел көңілінен шықпаса, оны қызметінен кетіре алатындығын кездесуде тұрғындардың өздері де ашық айтты.

- Округ әкімін тұрғындар өздері таңдайды, соған дауыс береді. Бұрын ауыл әкімін депутаттар сайлағандықтан кейде ауыл әкімі тұрғындарға дұрыс есеп бермейтін, талап-тілектерін де тыңдамайтындықтары жасырын



тәртібінде тұрған әлеуметтік мәселелерге көңіл бөлетіндігі жайлы ойын ортаға салды.

Екі кандидаттың сайлауалды бағдарламалары көп талқысына ұсынылды. Екеуінің ұстанған бағыттары бір-біріне ұқсас болғанымен оны залда отырған сай-

емес. Сондықтан бұл науқаннан үлкен өзгеріс күтеміз, – дейді Шеңгелді ауылының тұрғыны Бақытжан Атагелдиев.

Зарыққан
ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ,
Шеңгелді ауылы



АЛЛА ҮЙІНДЕГІ СЕНБІЛІК

ЖАЛПЫ АЙНАЛА ТАЗАЛЫҒЫНА МӘН БЕРІП, КӨҢІЛ АУДАРУ ӘРБІР МҰСЫЛМАН БАЛАСЫНЫҢ БҰЛТАРТПАС БОРЫШЫ БОЛУЫ КЕРЕКТІГІ БЕСЕНДЕН БЕЛГІЛІ. СОНДЫҚТАН ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ АУМАҒЫНЫҢ ТАЗАЛЫҒЫ ҚАЛА МЕН ОҒАН ҚАРАСТЫ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫН БЕЙ-ЖАЙ ҚАЛДЫРМАУЫ КЕРЕК.

Осы орайда қаладағы мекемелер мен ұжымдар тарапынан сенбіліктер өткізіліп тұрады. Сондай сенбіліктің бірі өткен сенбіде «Тазалық – иманның тең жартысы» деген қағиданы темірқазық етіп ұстанған Алматы облыстық мешітінің ұжымының ұйтқы болуымен жамағат пен қала тұрғындарының қатысуымен аталмыш құлшылық үйінде сенбілік болып өтті.



Сенбілікке қатысушылар мешіт ауласында шашылып жатқан қоқыстарды тазалап, шөп пен ағаш бұтақтарын жинады. Ауланы сыпырып, бей-берекет өсіп тұрған ағаш бұтақтарын кесіп, арамшөптерді жұлды. Әйелдер жамағаты Алла үй ішінің тазалық жұмыстарын жүргізді. Мешіт ауласынан жиналған бұтақтар мен шөп және қоқыс қалдықтары жүк көлігімен арнайы орынға шығарылып тасталды.

Мешіт қызметкерлері сенбілікке белсене қатысып, ғибадат үйінің ажарын айшықтап, көркіне көрік қосуға атсалысқан мешіт жамағаты мен тұрғындарға жүрекжарды алғыстарын жеткізді.

Облыстық мешіттің баспасөз қызметі

ШЕҢГЕЛДІ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕН ҮМІТКЕР МАҚСАТ ӨМІРҒАЛИҰЛЫ ЖАЗИЕВТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



1. Суғармалы су көлеміне төленетін тарифтік көрсеткіштерді субсидиялау мөлшерін 1м3 суға осы күнгі (70-75%) жеңілдікті қалдыруға ықпал жасау.

2. Ауыз суға төленетін тарифтік көрсеткіштерді субсидиялауды қолға алып, 1м3 суға 80% жеңілдікпен беруге ықпал жасау, ауызсу құбырларын жөндеуден өткізуді қолға алу.

3. Мал жайылымы туралы сұрақтарды көтеріп, жер телімдерін қоғамдық мал үшін көбейтуге, іздестіруге атсалысу.

4. Ауыл шаруашылығы суғармалы егістік жер көлемінің толық игерілуін қамтамасыз ету, алдыңғы қатарлы технологияларды қолдану (тамшылатып суғару, жаңбырлатып суғару).

5. Сүтті, етті мал шаруашылығын дамыту мақсатында тұрғындарға қолжетімді шағын несиелер алуға көмек көрсету. Жүн және тері өнімдерін тиімді

бағамен өткізілуіне ықпал жасау, осы бағыттағы қосалқы шаруашылықтармен кооперативтерді ашу.

6. Округ елдімекендерінде санитарлық тазарту, көгалдандыру, абаттандыру, көше жарықтарын қосу, көшелерді асфальттау жұмыстарын жүргізу. Рұқсат етілмеген өз беттерімен жасап алынған қатты қалдықтардың полигонын жою.

7. Жаңа үй салынып жатқан аудандарды инженерлік коммуникациямен қамтамасыз ету (су, электр энергиясы, балалар аландары).

8. Ақөзек, Сарыбұлақ ауылдарында мемлекеттік жеке меншік әріптестік бағдарламасы аясында жекеменшік балабақшаларын ашу.

9. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндейтін кәсіпорындар (нысандар) ашу. Мемлекеттік жеке кәсіпкерлік бағдарламасы аясында инвестициялық жобаларды тарту.

10. Жергілікті қоғамдастықпен бірлесе отырып, атқарылатын жұмыстардың ашықтығын, жұмсалған қаражаттың тиімді пайдалану жолдарын қалыптастыру.

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА КАНДИДАТА НА ДОЛЖНОСТЬ АКИМА ШЕНГЕЛЬДИНСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ЖАЗИЕВА МАКСАТА ОМИРГАЛИЕВИЧА

1. Добиться сохранения ныне действующего размера субсидии на 1м3 поливной воды (на уровне 70-75%).

2. Добиться субсидирования тарифной ставки на питьевую воду (до 80%), сделать ремонт систем группового водопровода Шенгельдинского сельского округа.

3. Содействие решению вопросов, связанных с нехваткой пастбищных земель.

4. Обеспечение освоения в полном объеме пахотных земель сельского округа, применение передовых технологий полива (капельное орошение, дождевание).

5. Оказание помощи жителям сельского округа в получении микрокредитов для развития мясного и молочного производства. Содействие в реализации шерсти и шкур сельскохозяйственных животных по выгодным ценам, создание кооперативов мясного и молочного направления.

6. Проведение работ по санитарной очистке, озеленению, благоустройству, уличному освещению и асфальтированию улиц в населенных пунктах сельского округа. Решение вопросов ликвидации стихийных полигонов мусора.

7. Обеспечение инженерной коммуникацией новостройки (вода, электроэнергия и т.д.).

8. Открытие частных детских садов в селах Акозек, Сарыбулак в рамках программы государственно-частного партнерства.

9. Содействие открытию предприятий (объектов) по переработке сельскохозяйственной продукции. Привлечение инвесторов для развития частного предпринимательства в рамках программы государственных инвестиционных проектов.

10. Совместно с местным сообществом обеспечить открытость объема выполняемых работ, прозрачность и эффективность используемых средств.

ШЕҢГЕЛДІ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ КАНДИДАТ АЗАНБАЕВ МАДИЯР ДЮСЕНБЕКҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫН ЖӘНЕ ДЕ БАСҚА ЗАҢНАМАЛАРДЫ БАСШЫЛЫҚҚА АЛА ОТЫРЫП, ЖҰМЫС ЖАСАУ ҮШІН ТӨМЕНДЕГІ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАНЫ ҰСЫНАМЫН:

ҚР Президенті Қасым Жомарт Тоқаев Кемелұлының, облыс әкімінің саясатын жүзеге асыра отырып, қаламыздың әлеуметтік - экономикалық жағдайын көтеру, соның ішінде ауылымыздың экономикасын көтеруге баса назар аударып, әрбір жанұяның мұң - мұқтажы мен ұсыныстарына әр уақытта мұқият көңіл бөліп, пікірлерімен санасып, олардың өтініштерінің мүмкіндігінше оң шешілуіне ықпал ету.

Халықтың әл – ауқатын көтеру мақсатында әлеуметтік нысандарды дамытуға, инвестицияларды тартуға, ауыл шаруашылығының дамуына («Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» және «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламаларының орындалуына) жағдай жасауға ықпал ету.

Ауылдағы жер телімдерін тиімді, мақсатты пайдаланылуына, жем – шөп қорын көбейте отырып, мал басының сапалы көбеюіне, ҚР «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, ауылдық округтегі шаруа қожалықтарының іріленіп, өсу жұмыстарын ұйымдастыруға күш саламын.

Ауылдық округтегі ауыз су мен жол мәселесінің оңтайлы шешілуіне ықпал жасап, халық денсаулығын сақтау мақсатында ауыл тазалығын үнемі бақылауда ұстаймын. Мемлекеттік «Жасыл ел» бағдарламасы аясында, ауылдық округке қарасты елді мекендерді көгалдандыру, жарық жүйесі, ауылды абаттандыру жұмыстарын жүргізіп, денсаулық сақтау мекемелерімен тығыз байланыста жұмыс жасаймын.

Ауылдардың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың, жалғызбасты аналардың, мүмкіндігі шектеулі жандардың мұң – мұқаждарын үнемі назарда ұстау мақсатында құзырлы органдарға өткір мәселелер қойып, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында демеушілік, қайырымдылық жұмыстарын ұйымдастырамын.

Ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалану үшін спорттық секциялардың түрлерін ашуға, ұлттық ойындардың жандануына, мәдени - қоғамдық іс – шаралардың жүргізілуін ұйымдастырамын.

«Бизнестің жол картасы – 2020» және «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламалары бойынша жұмыссыз азаматтардың несие алуына, бизнеспен айналысуына, жұмыс орындарын құруына, ауылдағы жұмыссыздықтың деңгейін төменетуге ықпал етемін.

Туризмді дамыту бағытында жұмыс жасаймын.

Жалпыға ортақ еңбек қоғамы идеяларын ілгерілетуге қоғамдық кеңеспен, жергілікті полициямен, мекемелермен бірлесіп, жастардың кәсіптік – техникалық білім алуын ұйымдастырамын.

ТАҢДАУ ЕРКІ – ХАЛЫҚТА

ОКРУГ ӘКІМІН ТІКЕЛЕЙ ТАҢДАУ ЖАСАУҒА МҮМКІНДІК АЛҒАН СӨТТЕ АУЫЛ ХАЛҚЫ МАҢЫЗДЫ НАУҚАНДА ЖОҒАРЫ БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТУЫ КЕРЕК ДЕП ОЙЛАЙМЫН. ӨЙТКЕНІ ХАЛЫҚ САЙЛАҒАН ӘКІМ ӘЛЕУМЕТ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ СЕЗІНІП, АУЫЛДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІНЕ КӨҢІЛ АУДАРАТЫН БОЛАДЫ. САЯСИ НАУҚАНҒА ОКРУГ ТҰРҒЫНДАРЫ НЕМҚҰРАЙЛЫ ҚАРАМАЙ, НЕҒҰРЛЫМ БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТУЛАРЫ ҚАЖЕТ ДЕЙТІНІМНІҢ ТҮП ТӨРКІНІ ДЕ - ОСЫНДА.

«Ауыл әкімін сайлағаннан не өзгереді?» деген жаңсақ пікірден аулақ болуымыз керек. Шеңгелді ауылдық округінде қордаланған мәселелер аз емес. Оны шешуге ауыл әкімінің белсенділігі, қайраткерлігі, жеке азаматтық қасиеттері, саяси сауаттылығы көп жағдайда тікелей әсер етеді. Елдегі жүзеге асырылып жатқан саяси реформаларды жақсы түсініп, ел-халыққа адал қызмет ететін ауыл басшысы ғана көп түйткілдің түйінін шеше алады. Бұл арада ауыл тұрғындарының ынтымақтастығы, береке-бірліктері де ауадай қажет.

Осыған дейін әкім сайлауы әділетті өткізілмей, жоғарыдан тағайындалып келді дейтін болсақ, енді әкімді сайлау халықтың өзіне таңдау еркіндігі беріліп отыр. Бұл сайлау басқа сайлаудан өзгереді. Сондықтан әкім сайлауда көңіл-күй ауанына берілмей, нақты жұмыс істей алатын азаматты таңдағанда ғана қателеспейтін боламыз.

Амангелді БЕСПАЕВ,
қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы

МЕРЕЙТОЙ

ҰЛТ НАМЫСЫН ТУ ЕТКЕН АҚЫН

Ауызекі әңгімеде «қазағым – батыр, қазақ – жомарт» деп жатамыз. Өрине, бәрі десек артықтау болар. Бірақ елге үлгі-өнеге болып, ұлт намысын ту еткен арда азаматтар ғана қазақ деген аттың биікте тұруына өзіндік үлестерін қосып жүреді. Солардың қатарынан өзінің айшықты орнын алған қоғам қайраткері, публицист, ақын, Әлем Халықтары Жазушылар және Қазақстан Жазушылар одақтарының мүшесі, «Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облысының төрағасы, Қонаев қаласының Құрметті азаматы Ізтілеу Тойшыбайұлы мерейлі 70 жастың төріне алқынбай, аптықпай шыққандығын жария етіп, барша қаламгерлердің атынан құттықтап қойғанымыз абзал.

Ол - «Менде де жүрегі бар ақындардың», «Өмір элегиясы», «Жиделер жұпар шашқанда», «Сыздаған жүрек сырлары», «Біткен жоқ жүрек сөйлеп, жаным жырлап» атты өлең жинақтарының авторы және екі томдық Әлем Халықтары Жазушылары одағының Антологиясын шығаруда өзінің елеулі үлесін қосқан арда азаматтың бірі.

Осыдан он жыл бұрын Ізаға 60 жасқа толып, естен кетпес сыр мен жырға толы керемет кеш ұйымдастырылған еді. Мерейтой салтанатында «Желтоқсан ардагері» медалімен марапатталғанда, сөз кезегін алған «желтоқсандықтар» Ізкеңнің «Желтоқсан көтерілісіне» қатысушы ғана емес, сол кездегі жастардың шын жанашыр, қамқоршы ағасы ретінде талай қыз бен жігіттің түрмеге қамалмай аман қалуына септігі тигендігі жөнінде бұрын-соңды айтылмай келе жатқан жабық тақырыптың қалтарысындағы құпия әңгіменің шетін қозғағаны бар.

Желтоқсанның желі ызғарлана соғып, өрімдей қыз бен жігіттердің тағдырлары қыл үстіне түсіп, үш әріптің қызметкерлері мен тәрғеушілердің қырына іліге бастағанда, Шеңгелді ауылындағы Ізтілеу ағаларының үйін паналағандарын асқан бір тебіреніспен еске ала әңгімелеген. «Метель» операциясы басталысымен жазалау машинасының құйыны ұйтқи жөнелді де, жолындағының бәрін жайпап кете барды. Сол кезде алаңда алдыңғы лекте болған Ізтілеу Тойшыбайұлы өз басына төнген қауіп-қатерге қарамастан жараланған бір топ жастарды машинаға тиеп, № 7-ші қалалық ауруханаға жеткізеді. Жараларын таңып, сынған қолдары мен аяқтарын гипске салып дәрігерлер де әбiгерге түскен. Аяусыз соққыдан жараланып, қанға малышынған жаралы жігіттерді милиция қызметкерлері қолды-аяққа тұрғызбай ұстап әкетулері де әбден кәдік болатын. Ізкең оларға ауруханадан қашуға ақыл беріп, өзі машина жалдап Алматыдан Шеңгелдіге жеткізеді.

Ауылдағы адамдарға сырттан келген кім болса да белгілі. Бастапқы кезде оларды сырт көзге көрсетпей жасырын ұстады. Сұрай қалған жандарға «Біздің совхозға көмекке келген құрылысшылар ғой» деп қысқа қайырым жауаппен құтылып жүрді. Қауіп сәл сейіле бастағанда, алғашқы лекті басқарған алмастырып жатты. Қысқасы, Ізкеңнің үйін паналағандардың барлығы да жазалау машинасынан аман қалды. Бұны өз басына төнген қауіпті біле тұрып, қылша мойнын талша етіп нар тәуекелге баруын батырлық демей көр!

Айтсы ақыны, Балқаш аудандық білім бөлімінде әдіскер болып жұмыс істейтін інісі Жетпісбай Қойшығұлов сол кездегі жағдайды былай еске алады:

- Желтоқсанның ызғары басылмаған кез. Із-ағам Көкжидеге келеді. Үлкен ағам – бақташы. Әйтеуір Із-ағамнан мал аямайды. Сөйтсем, үйдегі қыз-жігіттерді тамақтандыру үшін екі ортаға шапқылап жүргенін мен қайдан білейін. Ағам «Желтоқсан ардагері» медалымен марапатталған сол жиында желтоқсаншылардың кейбірін шырамыттым. Олар да мені өзімнің түрлі шаруаларыммен келген

кездердің бірінде көрген болу керек, «кіші інісісіз» ғой деп қояды. Өлі есімде, бір жолы есіктің алдындағы кішкене үйге кірдім. Сонда пеші жоқ жерде тоққа қосылатын пешсымақпен жатқан жігіттерді көріп, «Бұлар үйсіз-күйсіз жүрген қаңғы-бастар немесе маскүнемдер» деп ойлаған болатынмын. Ал бүгінде солар үшін жүрегімнен жас ағып тұр», -деп әңгімелеген еді.

Сол марапат тапсырылған кештің соңы «Жиделер жұпар шашқанда» жыр жинағының тұсаукесеріне ұласып еді. Сол кеште Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және халықаралық Ф.Кафка атындағы сыйлықтың лауреаты, «Сорос-Қазақстан» қорының тұңғыш жеңімпазы, дарабоз жазушы Асқар Алтай Ізкеңнің шығармашылығы туралы толымды баяндама жасады. «Қырандарды құба жалдан танитын», алыс-жақын шетелдің талай жазушыларының алдында биік беделге ие Асқар Алтайдың баяндама жасауы да – беделді жазушылар тарапынан Ізтілеу Тойшыбайұлына көрсетілген үлкен құрмет, берілген баға еді-тін.

Кейінірек «Жетісу» газетінің тілшісі, талантты журналист Мәулен Өнербай «Көк бөрі сынды Алашым» атты мақаласында Ізтілеу Тойшыбайұлының «Біткен жоқ жүрек сөйлеп, жаным жырлап» атты жыр жинағындағы өлеңдері жайлы сөз тербей келе: «Әсіресе ашылмаған ақиқатты (Желтоқсан жайлы – автор) айшықтап, шындыққа тура қарауды меңзегендей. Нақты дерек пен дәйектен мысал келтіріп, жазықсыз жапа шеккендердің жан айқайын жеткізеді. Естігенін емес, көргендерін қаламына арқау еткен ақын жүрек толқынысын қасиетті өнерге сыйдырғандай» деп жазды.

Арда ақын бүгінгі дәуірлеп, өркендеп келе жатқан Қазақстанның дамуын да шынайы көңілмен жырға қосады. Жырға қосады демекші, Алматы облыстық ардагерлер алқасының ұйымдастыруымен «Астана қаласының құрылғанына 25 жыл» толуына орай ардагер ақындар арасында өткен жыр мұшайрасында Ізағаның «Арман қалам – Астанам» атты өлеңі жүлделі ІІІ орынға ие болды. Баспасөзде шыңдалған ақындар мен түрлі жарыстарда топ жарған жыр сүлейлері мен қара сөзден май қалқыған шайырлардың толысқан талант иелерінің арасында топ жару да – ақындық қарым қабілетін, дарын иесі екенін аңғартқан еді.

Кейде дана Абайдың: «Бұны жазған адамның, атын білме, сөзін біл» деген терең пайымын еске аламын. Оны айтып отырған себебім,

Анашым, анашым, анашым, Мәпелеп өсірген баласын. Баласы солдатқа кеткенде, Көзіңе жас алып қаласың,

- деген балаң өлең бозбала жігіт Ізтілеудің жүрегін жарып шыққанын бүгін біреу білсе, біреу білмес. Әскер қатарына сапар шеккен жастар бұл әнді жетпісінші жылдары іліп ала жөнеледі де, көп кешікпей бүгінгі тілмен айтқанда хитқа айналып, ел ішіне тез тарады. Бұл ән бүгінде көше әндерінің бірі ретінде айтылып жүр.

Ізтілеу Тойшыбайұлы Әлем Халықтары Жазушылар одағының мүшесі. Бұл Одаққа кезінде Біріккен Ұлттар Ұйымының бас хатшысы Коффи Аннан да мүше болғанын ескерсек, заңғар жазушылар тобы қатарынан көрінуі көңіл мерейімізді өсіргені кешегі күн сияқты еді. Бүгін осы одақтың ыстығына күйіп, суығына тоңып, қолынан келген барлық іс-шараның ұйтқысы болып басы-қасында жүргендігіне осы одақтағы қаламгерлердің барлығы да куә.

Еңбек жолын құрылыс саласында бастаған Ізаға - бұнда да өзінің қолтаңбасын қалдырған адамдардың бірі. Ондайда Бақанас ауылының кіреберісінде аспанмен тілдескен телемұнара бірден еске

түседі. Жоба бойынша алдымен ғимарат салынып, содан кейін телемұнара тұратын іргетас құйылуы керек екен. Бір қызығы, ғимаратты салуға прорабтар ықылас білдіргенімен, телемұнараның іргетасына келгенде айтқан сөздерінен айни бастапты. Себебі, мұнара сызбасы шетелден келеді екен. Оған жүз пайыздық дәлдік керек. Прорабтар бірінен кейін бірі сырғақтап басқа колонналарға жұмысқа ауыса бастайды. Бұл жайт ПМК №88 құрылыс колоннасы құрамынан шаруашылық есепке құрылған бөлім боп жеке шыққан ұжымды тығырыққа тірейді. Жаңа бағытқа күмән қашан да көп.

Ізтілеу Тойшыбайұлы

Дүниежүзілік «Темірқазық әлемінің үздік ақыны, жазушы – 2019» мұшайрасының ІІІ - дәрежелі диплом иегері. Астана қаласының 25 жылдығына арналған мұшәйра жеңімпазы. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл, 30 жыл», «Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаев», «Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы», «Кеңес Одағының Батыры Мұсабек Сеңгірбаев», «Отан патриоты», «Желтоқсан қаһарманы», «Желтоқсан ардагері», «Желтоқсан көтерілісінің 35 жылдығы», ӘХЖО-ның «Құрмет иегері» медальдарымен және 2021 жылы Үндістанның Тәуелсіздігіне 75 жыл толуына байланысты өткен Жазушылар форумында «Motivational strips» халықаралық әдеби сыйлығымен марапатталған,

Ақыры жоғарғы басқарма бұл істі Ізтілеу Тойшыбайұлына сеніп тапсырады. Жыл жарым уақыт шамасында телемұнараның бөлшектері де келеді. Сол бөлшектерді құрастырып орнату кезінде бөлшектердің іргетастағы бекітілмелерге 100 пайыз тұп-тура дәлдікпен сәйкес келгенін көрген трест бастығы В. Куприянов қуанғанынан көзіне жас алып, Ізкеңді құшақтап тұрып: «Егер мына жұмыста сәл сәйкестік болмаса, біздің іс бірден сотқа жіберілетін еді. Оны о бастан саған айтпа ем. Мың алғыс саған» деп құшағын көпке дейін жазбапты. «Бұл да - Алланың берген абыройы» деп еске алады Ізаға.

Ізтілеу Тойшыбайұлының өмір жолына үңілгенде қазақтың қайтпас қайсар азаматының тұлғасы көз алдыма келеді. Табандылық, іскерлік, парасаттылық, биік адамгершілік оның бойына ең асыл ұстаным болып берік қалыптасқан.

Қонаев қаласы аймағында өнерге талпынған талай жас ақындардың қанаттарының бекіп, қияға самғауына өзіндік үлесін қосқаны аян. Үлкен ағаларынан тағылым алған әзі де жастарды «үйрете жүріп, үйреніпті».

«Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Нүкен Бейсенғазы Сәдуаұлы мына бір жайтты жүрегі езіле отырып әңгімелеген еді:

- Ел үшін іс істеу өте қиын. Жұрт қолдайды-ақ, ары қарай жалғамайды. «Желтоқсан көтерілісінің» кинохроникасында 2 милиционер екі жағынан жетектеп бара жатқан қазақтың ару қызы бәріміздің есімізде болар. Себебі фотосуреттегі ақ қағыздан да әппақ, әдемі қыз жұрттың назарымен бірден өзіне аударады. Ол Сұлұхан Назарова еді. Қиыны сол қыздың кейінгі тағдырынан көпшілік бейхабар.

Желтоқсан қасіретінен ақыры денсаулығы бұзылды. Өмір жолы да қиындап кетті. 2002 жылы ауыр науқастан қайтыс болды. Мен Сұлұханды мәңгі есте қалдыру туралы бастама көтердім. Соны алдымен қолдағандардың бірі Ізтілеу Тойшыбайұлы болды. Біз Кеген ауданында Ұзынбұлақ ауылындағы оқыған мектебіне, сонан соң Жамбыл ауданындағы Мыңбаев ауылындағы қабіріне мәрмәр тастан белгі қойдық. Жалғыз ұлын интернатқа орналастырдық. Ұзын ыргасы 186 шара ұйымдастырдық. Осы шаралардың басы-қасында Ізтілеу Тойшыбайұлы қолдау көрсетіп бірге жүрді. Қаражатын да аямады. Мен ағамыздың өн бойынан қазаққа деген керемет



сүйіспеншілікті сонда көрдім. Жазушы, қоғам қайраткері, танымал саясаткер Әбдіраш Әбдірайымовтың: - Дана қазақ «болар елдің баласы бірін-бірі батырым деп қолпаштайды» деген екен. Ізтілеу жайлы көп айтуға да, қысқа айтуға да болады. Қысқасын айтсақ, тоқетері оған Қонаев қаласының да, Балқаш ауданының да Құрметті азаматы атағын беретін кез жетті,-деп айтқаны бар еді. Маған осыдан үш жыл бұрын Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында Балқаш ауданының тарихын зерттеуге, өлкетану саласына қосқан үлесіме байланысты Балқаш ауданының Құрметті азаматы төсбелгісі табысталды. Арада күндер өткенде Қонаев қаласында Ізтілеу ағамен кездестім. Ақкөңіл аға ақжарқын көңілмен құттықтады.

- Кезінде Сартрды Нобельдік сыйлыққа ұсынғанда, «Алдымен Шолохов алсын, мен содан соң ғана алам», - деген екен. Осы сөзді мен де «Алдымен Ізтілеу аға алсын» деп айтар ем, бірақ менің екі артықшылығым бар екен. Біріншіден, мен – Балқаш ауданына күйеу баламын. «Пайғамбар да күйеу баласын сыйлаған». Туыстық дегенді ту етіп, барша қазақты жақындатқан осы даналықты бойына сақтаған, ойына жинақтаған балқаштықтарға ризамын. Екіншіден, Ізкең – мен туған облысқа күйеу, яғни маған жезде. «Пайғамбар күйеу баласын ғана сыйлаған», жездесін сыйлаған деп айтпаған,-деп өзіл айтқаным бар еді.

«Әзіл сөзге – шын төре» деген даналыққа сүйенсек, Ізтілеу аға да 2021 жылы «Қонаев қаласының Құрметті азаматы» атағына ие болды. Сол кезде залға жиналған оны білетін адамдар: «Бұл атаққа Ізкеңнің еңбегі баяғыда-ақ сіңген» деген еді. Бұл – Ізкеңді жақсы білетіндер мен Желтоқсанда бірге қар жастанған, мұз төсенген бауырларының, ел тізгінін ұстаған өресі жоғары, танымал абзал азаматтардың жүрекжарды білдірген пікірі еді.

Ізтілеу Тойшыбайұлының шығармашылығы жайлы қаламдастары, әдебиет сыншылары өз бағаларын бере жатар. Мен оның азаматтық қыры туралы көптің біле бермейтін бірқатар беймәлім тұстарын термеледім. Ауыл-аймағына сыйлы, өнерге таза, туысқа тіреу болған Ізаға өткен жасың, келер жасыңның баянды бағы болсын. Бұл тілекті өзіңізді құрметтеген қаламдастарыңның тілеуі мен тілегі деп қабыл алғайсыз.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ
Әлем Халықтары
Жазушылар одағының мүшесі,
Балқаш ауданының
Құрметті азаматы



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ 2022 ЖЫЛДЫ БАЛАЛАР ЖЫЛЫ ДЕП ЖАРЯЛАЛАП, ОЛАРДЫ ҚОРҒАУ ҮШІН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, БІЛІМ БЕРУ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ БАҒЫТЫНДА НАҚТЫ ШАРАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНУЫ КЕРЕК ЕКЕНІН АЙТЫП, ТАПСЫРМА БЕРГЕН БОЛАТЫН. ЕЛІМІЗ БОЙЫНША «БАЛАЛАР ЖЫЛЫ» ШЕҢБЕРІНДЕ ОЛАРДЫҢ САПАЛЫ ӨМІР СҮРУІНЕ, ҚАУІПСІЗ ҚОРШАҒАН ОРТАДА ӨСІП-ӨНУІНЕ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН, ЖАҚСЫ БІЛІМ АЛУЫНА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ЖОБАЛАР ӨЗІРЛЕНІП, ҚОЛҒА АЛЫНУДА. БАЛАЛАРДЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДА ДА БІРҚАТАР ЖҰМЫСТАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА. СОНДАЙ ШАРАНЫҢ БІРІ СЕЙСЕНБІ КҮНІ ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН БОЛЫП ӨТТІ.

БАЛАЛАРҒА ШАТТЫҚ СЫЙЛАҒАН ИГІ ШАРА

«Балалар жылы» аясында қала мен оған қарасты Заречный, Шеңгелді ауылдық округтерінің елдімекендеріндегі мүмкіндігі шектеулі, көп балалы отбасыларының және тағы басқа түрлі санаттағы отбасыларының екі жүз елуден астам балалары «Суға шомылу маусымы» акциясы шеңберінде демалыс базаларында бір күндік демалыс өткізді. «Комфорт», «Санидей», «Пятница», «Десяточка», «Виктория», «Сұлтан», «Чили», «Наргиз», «Сатко» демалыс аймақтарының иелері мен басқарушыла-



ры қала әкімдігінің ұсынысын қолдап, «Балалар жылына» орай, жоғарыда аталған балалардың бір күн суға шомылулары мен түскі ас ішулеріне демеушілік жасады.

«Қапшағай АТО» мекемесі балалар мен оларға жауапты тұлғалардың демалыс аймақтарына барып-келулері үшін автобустармен қамтамасыз етті. Мекеме басшысы Біржан Чимчиковтың өзі қаланың орталық алаңына жиналған балалар мен олардың жолбасшыларының автобус-



тарға мініп, олар қалалық полиция бөлімі қызметкерлерінің бастауымен жүріп кеткенше сол жерде болды.

Болашақтың ертеңгі тұтқасын ұстайтын жас өскіндердің жазғы демалыстарының бір күнінің тиімді өтуіне жағдай жасау оларды да қуанышқа бөлегендігі анық. Суға шомылып, ойындар ойнаған балалардың жүздеріне күлкі үйіріліп, көңілдері шаттыққа кенелген. Мәз-мейрам күйге бөленген олар бір-бірімен танысып, тез тіл табысып, судағы ойындарды ойнап, жарысып мәре-сәре болып жүр.

«Пятница» демалыс аймағында балалардың бір күндік демалыстарының жақсы жағдай жасалыпты. Балалар суға шомылып, ойындар ойнауда. Сонымен қатар, осы шараға арнайы келген аниматорлардың балалардың көңіл-күйлерінің көтерілулеріне себепкер болғандығын атап өткен жөн.

Шат-шадыман көңіл-күйдегі балалардың бірі Қасым Қайсенов атындағы №4 орта мектептің 6 сынып оқушысы Эльдар Пірмұхамед өздерін «Сұлтан» демалыс аймағында демалып, суға шомылуға мүмкіндік жасаған қала әкімдігі мен аталмыш демалыс базасының басшыларына жүрекжарды алғысын жеткізді. Сонымен бірге «Десяточка» демалыс аймағындағы бассейнде шомылып жүрген орта мектеп-гимназияның 7-сынып оқушысы Әлия Иманқұлова өздеріне жүрген осындай естен кетпес тамаша демалыс сыйлаған қала әкімдігі мен демалыс аймағы қызметкерлеріне шексіз ризашылықтарын білдірді.

Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

ШЕКСІЗ АЛҒЫСЫМДЫ БІЛДІРЕМІН

ЕЛІМІЗДІҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВ ӨЗІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ЖАСАҒАН БИЫЛҒЫ ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ҮНДЕУІНДЕ 2022 ЖЫЛДЫ «БАЛАЛАР ЖЫЛЫ» ДЕП ЖАРЯЛАҒАНЫ БАРШАҒА МӘЛІМ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ӘНГІМЕ ЖАЛАҢ ҰРАН МЕН МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ЕМЕС. БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ БІЛІК ТАРАПЫНАН БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ ҮШІН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, БІЛІМ БЕРУ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ БАҒЫТЫНДА НАҚТЫ ШАРАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНУЫ КЕРЕК. ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУЫ МЕН БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ - БІЗДІҢ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ МІНДЕТІМІЗ, – ДЕП, БҰЛ ЖЫЛДА ІСТЕЛЕТІН ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІН ҚҰР ДАҒҒЫРА СӨЗБЕН ЕМЕС, НАҚТЫ ІСПЕН КӨРСЕТУ КЕРЕКТІГІН ЕСКЕРТКЕН БОЛАТЫН.

Атаулы жыл аясындағы даңғыра сөз емес, нақты іспен көрсетудің керемет үлгісі сей-

сенбі күні Қонаев қаласында көрініс тапты. Қала әкімдігінің ұйымдастыруымен «Ба-

лалар жылына» байланысты бірнеше санатқа жататын отбасылардың балаларына

қала аумағындағы демалыс орындарында бір күндік демалыс ұйымдастырылды. Балалар суға шомылып, көңілді демалыс өткізді. Бұл демалыстың балалар мен олардың ата-аналарының көңілдерінен шыққандығы анық.

Осы игі шараға ұйтқы болып, балаларға көтеріңкі көңіл - күй сыйлаған Қонаев қаласының әкімдігі мен демалыс базаларының басшылары мен қызметкерлеріне, көлікпен қамтамасыз еткен «Қапшағай АТО» ұжымына

және басқа да осы шараның өз деңгейінде өтуіне атсалысқан барлық азаматтарға шексіз алғысымды білдіремін.

Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі, олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі.

Ақтолық
МАЙСАЛИМОВА,
Қонаев қалалық
«Ана сәулесі»
көпбалалы аналар
қоғамдық бірлестігінің мүшесі



ӨТКЕН БЕЙСЕНБІДЕ ҚОНАЕВ ҚАЛАЛЫҚ «ГҮЛДЕР» БАЛАБАҚШАСЫНДА «ӘКЕМ, АНАМ ЖӘНЕ МЕН ШЫНЫҒАМЫЗ СПОРТПЕН» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ ОТБАСЫЛЫҚ САЙЫС БОЛЫП ӨТТІ.

Қонаев қалалық «Гүлдер» балабақшасының бүлдіршіндерінің «Спорт - біздің досымыз» биімен басталған шарада алғашқы сөз кезегін алған Алматы облысы білім басқармасының тәрбие бөлімінің басшысы Үшкемпірова Айнагүл Мұқанқызы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жаңа жылдық үндеуінде өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасау қажеттігін айта келе, 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялағандығын, осы атаулы жыл аясында облыс көлемінде жүзеге асырылып жатқан игі істер жайлы әңгіме жібін сабақтады. Айнагүл Мұқанқызы «Әкем, анам және мен» атты отбасылық сайыс өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағының айқын көрінісі екендігін, ата-ана мен баланың арасындағы бірлік пен татулық қасиеттерін нығайта түсетіндігін, отбасылардың қатысуымен өтетін бұл жарыстың тәрбиелік маңызы зор екендігін айта келе, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Екі кезеңнен тұратын спорттық бәсекеге Қонаев қаласы мен Іле, Еңбекшіқазақ аудандарының балабақша-

ларынан 10 команда қатысып, бақтарын сынады.

Жарысқа Алматы облысы білім басқармасының тәрбие бөлімінің басшысы Айнагүл Үшкемпірова, Қазақстан Республикасының Құрметті спорт қайраткері, грек-рим күресінің спорт шебері, Алматы облысы спорт саласының үздігі Орынбай Тойлыбеков, Алматы облысының білім басқармасы ғылыми-тәжірибелік орталығының аға әдіскері Жандос Канәпиев, Алматы облысының білім басқармасы ғылыми-тәжірибелік орталығының әдіскері Илияс Байғожин, Қонаев қаласының дене шынықтыру пәні бірлестігінің жетекшісі Еркебұлан Есенманов төрелік етті.

Спорттық сайыс қалалық Ш. Уәлиханов атындағы №2 гимназияның спорт алаңында өткізілді. Бірінші таныстыру кезеңінде әр отбасы өздерінің командаларын таныстырып өтті. Екінші кезең «Эстафеталық таяқша», «Шеңбермен жүгіру», «Орнынан ұзындыққа секіру», «Доппен жүгіру» деп аталатын төрт турдан тұрды.

Бірінші турда топ мүшелері таяқшаны алып жүгіре отырып, белгіленген межені айналып, таяқшаны келесі ой-

ыншыға табыстады. Екінші турда әкесі тіке жүгіріп барып межедегі шеңберді алып, бөліне ұстап жүгіріп келіп, тобындағы баласын шеңбер ішіне салып екеуі межені айналып орындарына келіп, шеңберден әкесі шығып, ана-

бермеген Қонаев қалалық «Балдәурен» балабақшасының «Бірлік командасы» бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орынды Қонаев қалалық «Ақдидар» балабақшасының «Ақшуақ» командасы олжаласа, жүлделі үшінші орынды



сымен бірге баласы дәл осы тәртіппен жүгірді. Үшінші турда қатысушылар кезекпен орындарынан ұзындыққа секіріп жарысты. Төртінші турда баласы бір доппен, анасы екі доппен, әкесі үш доппен жүгіріп келді.

Жарыс барысында жеке топты құраған әрбір отбасы мүшелерінің әрқайсысы маңдайларынан ащы терлері саулаған әке-шеше де, бала да бірнеше кезеңнен тұратын кедергілерден іркілмей өтуге құлшына кірісіп, ептіліктері мен шапшаңдықтарын паш етті. Намысты қолдан бергілері келмеген қатысушы командалар жеңімпаз атануға ұмтылып, бір-біріне лайықты қарсылас бола білді. Әрбір тур тартысқа толы болды. Алайда, жарыс болған соң оның ережесіне сәйкес барлық қатысушылар жеңімпаз бен жүлдегер бола алмайтындығы белгілі.

Тартымды да тартысты өткен сайыс қорытындысында қарсыластарына дес

Іле ауданының намысын қорғаған «Балдәурен» командасы еншіледі.

Сонымен қатар, «Эстафеталық таяқша» номинациясын Еңбекшіқазақ ауданының «Барыс» командасы, «Шеңбермен жүгіру» номинациясын «Искорка» балабақшасының «Феникс» командасы, «Орнынан ұзындыққа секіру» номинациясын «Гүлдер» балабақшасының «Қыран» командасы, «Доппен жүгіру» номинациясын «Нұр-Бөбек» балабақшасының «Сұңқар» командасы иеленді.

Жеңімпаздар жүлдегерлерді Алматы облысы білім басқармасының тәрбие бөлімінің басшысы Айнагүл Үшкемпірова мен Қазақстан Республикасының Құрметті спорт қайраткері, грек-рим күресінің спорт шебері, Алматы облысы спорт саласының үздігі Орынбай Тойлыбеков құттықтап, марапаттады.

Қалалық білім бөлімі



ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРГЕ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Алматы облысы Қонаев қаласының әкімдігі, ҚР Жер кодексінің 43-1-бабына және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы негізінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді «конкурстық ұсыныс» қабылдай, жарияланғаннан соң отыз күнтізбелік күннен кейін, он бес жұмыс күні ішінде, 2022 жылдың 22 тамыздан 12 қыркүйек аралығында қабылданады. Алматы облысы, Қонаев қаласы 1 шағынауданы, «Байтерек» Бизнес – Орталығы, 41 ғимарат, екінші қабат № 32 кабинет «Қонаев қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың «конкурстық құжаттаманы» соңғы мерзімі: 12 қыркүйектің 2022 жылдың 18 сағат.30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2022 жылдың 13 қыркүйек күні сағат 10 сағат 00 минутта мына мекен-жайда ашылады (қатысушылардың конвертерін ашу күні) ҚР Алматы облысы Қонаев қаласы 1 шағынаудан, «Байтерек» Бизнес –Орталығы, 41 ғимарат, екінші қабат № 34 әкім орынбасарының кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттенген отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі

конкурсқа қатысу өтінімді жеке тұлғаның немесе ҚР мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері ҚР заңнамасына сәйкес берілген және рәсімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықшiлiк жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөнiндегi iс-шараларды орындау;

3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын артартпандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуы тиіс.

Конкурстық ұсыныс «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде жабық конвертте ұсынылады.

